


БЕКІТІЛДІ
«М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(Хаттама №4 «24» желтоқсан 2020 ж.)



«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
2021-2025 жж. арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Шымкент, 2020г.

Подпись корпоративного секретаря

Мазмұны

	Кіріспе	3
1	Жаһандық үрдістерді талдау, жоғары білім беру жүйесіндегі заманауи трендтер	5
2	Ағымдағы ахуалды талдау және қызметтің тиісті бағыттарының даму үрдістері	8
3	Миссия, пайымдау және құндылықтар	17
4	Басым бағыттар, мақсаттары мен міндеттері	18
	Басым бағыт 1. Академиялық даму және бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету	18
	Басым бағыт 2. Зерттеу экожүйесін құру	21
	Басым бағыт 3. Білім беру мен зерттеулерді интернационалдандыру	28
	Басым бағыт 4. Университеттің үшінші миссиясы	30
	Басым бағыт 5. Жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тарту	38
	Басым бағыт 6. Тиімді корпоративтік басқару, ресурстар мен инфрақұрылымды дамыту	39
5	Мақсаттар мен нысаналы индикаторлар	45
6	М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары	60
	Қорытынды	80
	Нормативтік құжаттар	81

Кіріспе

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (бұдан әрі-ОҚУ)-Қазақстан Республикасының ірі көпсалалы университеті, өңірдің ғылыми-білім беру, зияткерлік, мәдени орталығы. Университетте аймақ, республика және әлемдік кеңістік экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің барлық секторлары үшін мамандар даярланады. AuezovUniversity республиканың жоғары білім беру саласындағы ең жарқын брендтерінің бірі болып табылады және өз қызметін ғылым мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясат, инновациялық және жастар саясаты қағидаттарына сәйкес, жоғары білім беруді дамытудың екпінді өзгеріп отыратын жаһандық трендтерін ескере отырып жүзеге асырады.

Бұл *modus operandi* түбегейлі басқа талаптар қояды және ОҚУ(AuezovUniversity) зерттеу үлгісіндегі жоғары оқу орнына трансформациялану алдында тұр. Университеттің Үшінші миссиясының пайда болуы – аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында белсенді ойыншы болуы бизнес-ғылым-инновацияның үш спираль моделін енгізуді талқылауға мүмкіндік береді. Сондықтан ОҚУ (AuezovUniversity) өзін Түркістан облысының инновациялық дамуында негізгі рөл атқаратын және әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары дәрежесімен өзінің стратегиялық қызметін іске асыратын университет ретінде көрсетеді.

ОҚУ (AuezovUniversity) терең логикалық ойлау қабілеті бар, прогрессивті идеяларды шығаруға, жаңа буынның техникасы мен технологиясын ойлап табуға, жаһандану жағдайында әлемдік нарықтың өзгеріп жатқан жағдайларына бейімделуге қабілетті кәсіби кадрларды даярлау бойынша еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады.

Жоғары оқу орындарын дамытудың шетелдік тәжірибесі "Университет 4.0" жолындағы мынадай түйінді міндеттерді шешудің қажеттілігін көрсетеді:

- Университетті білім экономикасының үрдістерін есепке алу бағытында трансформациялау: қоғам мен технологиялардың даму үрдістерін түсіну; қоғамның сұраныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын өзектендіру (бизнес-қоғамдастықпен, қазақстандық және жаһандық индустриялық көшбасшылармен); басқарудың ашықтығы.

- Университет пен бизнес-қоғамдастықтың өзара іс-қимылын барынша тиімді іске асыру: бизнес-қоғамдастық пен университеттің бір-бірінің өміріндегі жаңа рөлдерді қабылдауы; бірлескен жобалар /бағдарламалар/ институционалдық бастамалар.

- Университетті таланттарды дамыту процесіне трансформациялау, оның ішінде қазіргі заманғы экономикалық және қоғамдық болмыстағы еңбекке дайындықты оқыту процесіне кірістіру жолымен.

- Университетті өңірлік және салалық экожүйелер орталығына айналдыру, оларға кластерлік және салалық даму құралдары мен ресурстарын шоғырландыру.

ОҚУ (AuezovUniversity) зерттеу бағытындағы ЖОО-на трансформациялау бойынша тәжірибесін, инновациялық қызметтегі жетістіктерін және ҒЗЖ нәтижелерін коммерцияландыруды ескере отырып, университет зияткерлік меншікпен жұмыс саясатын қалыптастыруға, университеттің инновациялық экожүйесін дамытуға, университетті интернационалдандыруға және ЖОО-ның академиялық кәсіпкерлігі мен қаржылық тұрақтылығын ынталандыратын орта құруға күш-жігерін шоғырландырады.

ҚР БҒДМБ (Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы) 2020-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасында қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, басымдық ретінде көрсетілген.

Университет 4.0, осы бағытта әлемдік білім беру кеңістігіндегі тренді болып табылады, ол тек білім берумен айналысып қана қоймай, сонымен қатар технологиялық және іскерлік құзыреттерді белсенді түрде дамытып, ғылыми-зерттеу және кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыруға тиіс.

Әлемдегі жетекші оқу орындары 4.0 Университеттері болу міндетін алға қойып, күш-жігерін мыналарға жұмылдырады:

- жүйенің өзін-өзі басқару қабілетін көрсетуге қабілетті шоғырландырылған басқару орталығын қалыптастыру;
- университеттен тыс топтар және ұйымдармен қарым-қатынасты кеңейту;
- қаржыландыру көздерін әртараптандыру;
- ЖОО бөлімшелерінің ғылыми-зерттеу қызметінің белсенділігін ынталандыру;
- жан-жақты іскерлік мәдениетті дамыту.

ОҚУ (AuezovUniversity) "Университеттер 4.0" моделі бағытында дамуы, 4-ші технологиялық революцияға көшу жағдайында жоғары оқу орындарының алдында тұрған міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге, сонымен қатар қоғамдық процестерді цифрландыруда және Қазақстан Республикасының ғылымды қажетсінетін экономикасын дамытудағы өзінің жасампаздық рөлін түсінетін қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу арқылы қоғамдық сананы жаңғырту қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бөлім 1. Жаһандық үрдістерді талдау, жоғары білім беру жүйесіндегі заманауи трендтер

COVID-19 пандемиясы әлемде бәрі бір-бірімен қаншалықты байланысты екенін, жоғары білімнің жаһандық деңгейге жеткенін айқын көрсетті.

Бүгінде әлемдік экономикада болып жатқан жаһандану, интернационалдандыру, интеллектуалдандыру және цифрландыру сияқты сыртқы ортаның қазіргі заманғы сын-талаптары, өсу мен дамудың жаңа үлгілерін іздестіруді және қолдануды талап етеді.

Жоғары білім берудегі заманауи трендтер: жоғары білімді массаландыру және үшінші білімі бар халық үлесінің артуы, практикаға бағдарланған оқыту, цифрландыру, он-лайн білім беру, білімді пәндік-бағдарлы трансляциялау, интернационалдандыру, геймификациялау, дербестендіру, білім беру бағдарламалары сияқты, сондай-ақ жоғары оқу орындары миссиясының білім мен зерттеулер көздерінен инновациялар мен технологиялық прогресс орталықтарына қарқынды трансформациясы жоғары оқу орындарын қызметтің жаңа деңгейіне шығарады.

ОҚУ (AuezovUniversity) стратегиясының басымдықтары университеттің білім берудегі сын-талаптарға жауап ретінде барынша үлес қосуға деген ұмтылысына негізделген.

Біріншіден, бұл қазіргі әрекет етуші университеттердің жаһандық платформалармен (EdX, Coursera, Udacity және т.б.) қатаң бәсекелестігі.

Жауап ретінде бізге жұмыс берушінің сұранысы бойынша бәсекеге қабілетті білім беру бағдарламаларын құру қажет.

Екіншіден, дәстүрлі университеттермен бәсекелестік. Бизнес корпоративті университеттерді құрады.

Жауап: біз университетте сараптама, консалтинг орталықтарының қызметтерін құратын боламыз.

Үшіншіден, жасанды интеллект мамандықтарды сiңiредi, адамдардың құзыреттеріне және оларды алу жылдамдығына жаңа талаптар қояды. Білім мен құзыреттердің жаңару жылдамдығы артып келеді. Мамандандырылған дағдылар 2-5 жыл ішінде ескіреді, яғни жоғары кәсіптік білім беру бағдарламасының әрекет етуінен де тезірек жүреді.

Жауап: бізге кәсіпкерлікті ойлай алатын, жеке бастамалар (стартап) жасауға дайын, технологиялық тұрғыдан озық түлектерді дайындау қажет.

Төртіншіден, білім беру бағдарламаларының назары оқушылар мен студенттерден жетілген аудиторияға қарай ауысуда.

Жауап: біз әр түрлі жастағы тыңдаушылар үшін жаңа бағдарламалар жасаймыз, мысалға алсақ, "Күміс ұрпаққа" арналған университеттер.

Бесіншіден, ақпараттық сын-талаптар.

Жауап ретінде біз жаңа ақпараттық технологияларды игеруіміз керек, қашықтықтан оқыту, он-лайн оқыту, бұлтты технологиялар мен планетарлық ойлауды қолдануымыз керек. Цифрлық технологиялар контентті жеткізу тәсілдерін, ал контенттің өзі, білім беру ортасын да өзгертеді. Он-лайн білім

берудің жаһандық нарығы — болжамдық өсім жылына +7%, нарық көлемі 2025 жылға қарай шамамен 280 млрд долларды құрайды. Электрондық сауда нарығы жылына 14% - ға, ал цифрлық деректер көлемі жылына 25% - ға өсуде.

Бүкіл әлемде жоғары біліммен қамту өсу траекториясын бастан өткеріп жатқанда, бұл өсудің көп бөлігі орташа табысты елдерде, ал жоғары табысты елдерде тоқырау үрдісі байқалады. Мұны ішінара Еуропадағы ағылшын тіліндегі академиялық бағдарламалардың көбеюіне; ең жақсы білім беру ресурстарына және халықаралық студенттік қозғалыстарға инвестиция салатын дамушы елдер сияқты факторларға жатқызуға болады.

ЮНЕСКО статистикасын талдау көрсеткендей, 2030 жылға қарай әлемдегі STEM түлектерінің 75% БРИКС елдерінде - Бразилияда, Ресейде, Үндістанда, Қытайда және Оңтүстік Африкада шоғырланады, бұл АҚШ-тағы 8% - бен және Еуропадағы 4% - бен салыстырғанда, жоғары білім алатын студенттер саны 120 миллионға жуық адамға артады, олардың 2,3 миллионы халықаралық деңгейде мобильді болады. Бұл халықаралық студенттер санының ұлғаюы тұрғысынан ықтимал 51% өзгерісті білдіреді.

2030 жылы 24 жастан асқан табысы жоғары 15 елде барлығы 4,3 миллионға көп оқушы болады. Жоғары оқу орындары ресурстармен бөлісуге және жаңа технологияларды (жаппай ашық онлайн курстар) қолдануға, оларды жаһандық ауқымда пайдалануға, бірақ жергілікті деңгейде бағалауға шығармашылықпен жүгінуге мәжбүр болады. Бұл оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасауға көбірек шығармашылық көзқарасты қажет етеді.

Демек, қазіргі ОҚУ (AuezovUniversity) білім беру моделі бұл сын-қатерлерге айтарлықтай модернизацияланған жағдайда ғана жауап бере алады.

Сонымен қатар, білім берудегі заманауи трендтер жеделдетілуде.

Жоғары білім беру жүйесіндегі трендтер

COVID-19 әлемдік экономикада өшпес із қалдырады. Қашықтықтан жұмыс, неғұрлым кең тараған. Пандемия дағдарысы цифрлық технологияларға көшу қарқынын жеделдетті, бұл электрондық сауданың одан әрі кеңеюіне және телемедицинаны, бейнеконференцияларды, онлайн оқыту мен қаржы техникасын енгізу қарқынының өсуіне әкелді.

Онлайн білім беру

Интернеттегі білім- бұл жоғары білім саласындағы ең үлкен жаңалық. 2016 жылы classcentral зерттеуінің нәтижелері бойынша білім беру платформаларын 700-ден астам университет, 6850 курс ұсынды, оларда 58 миллион студент білім алды. CollegeData сайтының хабарлауынша, орта университетте 5000-нан 15000-20000-ға дейін студенттер бар, Coursera білім беру платформасы - 23 миллион студент, EdX – 10 миллион, XuetangX (әлемдегі ең жақсы 5-тің қатарына енген алғашқы ағылшын емес платформа) – 6 миллион, FutureLearn – 5,3 миллион, Udacity – 4 миллион. MOOC университеттерімен бәсекелесу мүлдем пайдасыз. Онлайн оқыту - еркіндік сезімін береді және өзінің даму процесін бақылауды қамтамасыз етеді, бұл қажетті нәтижеге қол жеткізудің негізгі мотиваторларының бірі болып табылады. Сондықтан университеттер білім беру процесінде жаппай ашық

онлайн курстарын (МООС) оқу жоспарымен интеграциялау мүмкіндігін енгізуі керек.

Дәстүрлі пәнге бағытталған білімді таратудан аулақ болу

Коммуникация, сыни ойлау және стратегиялық топтық жұмыс жаңа білім берудің орталық процестеріне айналуға бастау береді. Студенттер оқудың бірінші жылынан бастап түрлі жобалық жұмыстарды жүзеге асыруға тартылады, университеттерде технологиялық стартаптарды әзірлеу үшін ашық алаңдар құрылады. Университеттер Соор бағдарламаларын белсенді түрде енгізуде, олардың мәні оқу мен жұмысты біріктіру болып табылады. Бұл бағдарламалар көптеген мәселелерді шешеді: теориялық білімді практикада қолдану, жұмыс табу және табу дағдыларын дамыту, оқу шығындарын ішінара жабу.

Мобильді оқыту

Мобильді оқыту- e-learning трендтеріндегі мейнстрим. Курстарды мобильді құрылғыларға бейімдеу- бір уақытта жұмыс пен оқуды біріктіретін студенттер үшін тамаша шешім. Өйткені, мұндай оқыту ыңғайлы уақытта онымен айналысуға және орынға байланбауға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламалары

Білім беру бағдарламаларын (БББ) жобалау - университетте жаңа трендтерді іске асыру жағдайында білім беру процесінің маңызды бағыттарының бірі. Ре - БББ дизайны, БББ-ның жобалау тәсілдерін сапалы түрлендіру мақсатында, БББ-ның мазмұны мен құрылымына елеулі өзгерістер енгізуді қарастырады; кәсіптік стандарттар талаптарын және жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып БББ әзірлеу. Мұның бәрі білім сапасы мен оның нәтижесін арттырып, түлек үлгісі мен оның құзыреттілігін айқындауға мүмкіндік берер еді.

Жаһандық деңгейдегі ынтымақтастық

Әлемдік деңгейдегі университеттің басты ерекшеліктерінің бірі, оның жаһандық нарықтағы ынтымақтастық қабілеттілігі болып табылады. Жоғары білімнің жаппай шоғырлануы және клиентке бағдарлануы университеттер арасында үлкен бәсекелестікке әкелді, ал білім берудің жаһандануы әртүрлі елдердің бірнеше университеттері арасында стратегиялық одақтар құруға негіз болды. Көптеген университеттер шетелдік жоғары оқу орындарымен (мысалы, Копенгаген университетінің және Германия, Қытай, АҚШ және Дания өкілдерінің қатерлі ісік ауруының қаупін және оның прогрессиясын молекулярлық болжау мәселелері бойынша пәнаралық зерттеу жобасы немесе "Экономика жоғары мектебі" Ұлттық зерттеу университеті мен Сеул ұлттық университеті (СҰУ) арасындағы ғылыми-зерттеу ынтымақтастығы бойынша өзара түсіністік туралы меморандум) ғана кооперацияға түседі емес, сондай-ақ ел ішінде де әріптестер табады. Бұл елдік одақ – АҚШ-тың Орта батысындағы 12 Зерттеу университеттерін қамтитын институционалдық ынтымақтастық жөніндегі комитет (University of Chicago; University of Illinois; Indiana University; University of michigan; Michigan state university; University of Minnesota; Northwestern University; Ohio state university; Pennsylvania State University; Purdue University; University of Wisconsin-Madison ").

Үздіксіз оқыту-жоғары білімнің негізі.

Аризона Мемлекеттік Университетімен бірге Starbucks сияқты жоғары технологиялық қоғам мен бәсекеге қабілетті экономика құруға ұмтылатын елдер, өз қызметкерлері үшін онлайн курстар құруда. AT & T және Udacity "нано-дәреже" курсын әзірледі: бастапқы оқыту ұстанымдары үшін қажетті білім мен дағдылар жиынтығын қалыптастыратын қысқа да мақсатты курс, шын мәнінде, халықтың білімін үнемі жаңартып отыру, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, кәсіби даму мүмкіндіктерін кеңейту қажеттілігімен айналысады.

Бөлім 2. Ағымдағы жағдайды талдау

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің соңғы бес жылдағы негізгі жетістіктері келесі көрсеткіштермен көрсетілген:

2015 жылдан бастап университет аймақтың инновациялық дамуында жетекші рөл атқаратын зерттеу және кәсіпкерлік университетіне айналу Стратегиясын жүзеге асыруда.

2020 жылы ОҚУ QS World University Rankings үздік жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингінің ТОП 450+ қатарына кіріп, халықаралық рейтингтің барлық индикаторлары бойынша позициясын жақсартып, 490-шы орынға ие болды (қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 3-ші орын). Университет 2016 жылдан бастап 2016 жылғы 613 позициядан 2020 жылы 490-ға дейін 123 позицияға көтерілді.

2020 жылы ЕЕСА (Emerging Europe & Central Asia) халықаралық рейтингі бойынша ОҚУ Еуропа мен Орта Азияның 30 елінің 350 үздік университеттерінің арасында 124-орынды иеленді.

Webometrics Ranking of World Universities рейтингінде (қаңтар 2020) – қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 9-шы орын.


М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы өткізетін ARES (Academic Ranking of World Universities-European Standard) халықаралық рейтингінде жоғары санатқа кірді (А санаты, А+ кіші категориясы).

Соңғы жылдары Қазақстанның жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінде көп салалы университеттер арасында ОҚУ 3-ші орынды иеленіп келеді.

ББСҚТА өткізетін білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингінде үздік үштікке енген бағдарламалар саны 2015 жылғы 46-дан 2019 жылы 84-ке дейін өсті, яғни рейтингке қатысқан бағдарламалардың 77%-ы ТОП-3 жүлделі орындарға енді. ББСҚТА білім беру бағдарламаларының рейтингінде 34 бағдарлама 1-орынды иеленді.



**ЮКГУ ИМ. М.АУЭЗОВА В РЕЙТИНГЕ ЛУЧШИХ
УНИВЕРСИТЕТОВ МИРА
(QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS)**



Места Казахстанских вузов в мировом рейтинге QS World University Rankings за последние 4 года

№	Университеты	Место 2017	Место 2018	Место 2019	Место 2020
1	Казахский национальный университет им. Аль-Фараби	1	1	1	1
2	Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева	2	2	2	2
3	Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова	5	4	3	3
4	Сатпаев университет (КазННТУ)	3	3	5	4
5	Казахский национальный аграрный университет		7	6	5
6	Казахский национальный педагогический университет им. Абая	4	4	5	6
7	Казахстанско-Британский технический университет	7	8	7	7
8	Университет КИМЭП				8
9	Карагандинский государственный технический университет		9	9	9
10	Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков им. Абайтайжана	8	10	10	10

Университетте алқалық жауапкершілік, сенім және ашықтық негізінде корпоративтік басқару қағидаттары енгізілген. 2014 жылдан бастап мемлекеттік басқару органдары, өңірлік бизнес, Ғылыми кеңес, Ректорат ұсынған Бақылау Кеңесі (құрамы - 9 адам) жұмыс істеді. Корпоративтік басқарудың барлық қағидаттары сақталады: орталықтандыру, есептілік, ашықтық.

Назарбаев Университетінің тәжірибесін тарату аясында 5 факультет жоғары мектептер болып қайта құрылып, олардың құрылымына ғылыми институттар мен орталықтар берілді. Университетте салалық кеңестер жұмыс істейді, олардың өкілеттіктеріне кәсіби құзыреттерді белгілеу, оқыту траекториясы, ғылыми зерттеулердің басымдықтарын айқындау, курстық және дипломдық жобалардың тақырыптарын келісу кіреді.

Халық алдында жария есеп беру тәжірибесі бар, ректор қоғам алдында тұрақты сөз сөйлеу дәстүрін қалыптастырады.

Университет жыл сайын тәуелсіз сыртқы аудитті тартады және оның нәтижелері жарияланады.

2020 жылы КРІ негізінде басшылар қызметінің нәтижелілігін бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді, ол декандар мен кафедра меңгерушілері қызметінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Университеттің кадрлық және ғылыми әлеуеті айтарлықтай нығайды. 2015-2020 жылдары PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін алты диссертациялық кеңес құрылып, жұмыс істейді. Қазіргі уақытта штаттағы оқытушылардың жалпы саны 1310 адамды құрады, оның ішінде ғылым докторлары – 87 адам, PhD докторлары – 124 адам, ғылым кандидаттары- 450 адам.

2015-2020 жылдары 1700-ден астам оқытушы біліктілікті арттыру курстарынан өтті, оның ішінде 300-ге жуығы шетелде тағылымдамадан өтті.

Университетте аймақ, республика және әлемдік кеңістік экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің барлық секторлары үшін мамандар даярланады. Университет республиканың жоғары білім беру саласының ең жарқын брендтерінің бірі болып табылады.

Білім алушылар контингенті 24 247 адамды құрайды, оның ішінде бакалавриатта 22 934, магистратурада 1171, докторантурада 142 (оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша тиісінше 8777 адам). Шетелдік студенттердің үлесі білім алушылардың жалпы контингентінің 13,6% - ын құрайды.

М.Әуезов атындағы ОҚУ – де жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағытының жаңа жіктеуішіне (ҚР БҒМ 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығы) сәйкес даярлаудың 57 бағытының ішінде бакалавриаттың 34 бағыты, магистратураның 24 бағыты, докторантураның 13 бағыты бойынша бакалавриаттың 65 білім беру бағдарламаларының тобын, 49 - магистратура мен 16-докторантураны қамти отырып жүргізіледі.

ОҚУ білім беру бағдарламаларының сапасы Тізілімге енгізілген агенттіктерде аккредиттеу арқылы расталған. Қазіргі уақытта университетте 152 білім беру бағдарламасы аккредиттелген, оның ішінде: 81 — бакалавриат, 57 — магистратура, 14 — докторантура бойынша. 2020 жылы 8 оқу бағдарлама ASIIN (Германия) халықаралық агенттігімен, 10 бағдарлама Қазақстандық Тәуелсіз Агенттіктің (NAOKO) — да аккредиттелді.

2019-2020 жылдары университетте 332 білім беру бағдарламасы әзірленіп, ҚР БҒМ Білім беру бағдарламалары Тізіліміне енгізілді: 155 - бакалавриат, 154-магистратура, 23-докторантура бойынша.

2018 жылы ЖОО институционалдық (NAOKO) аккредиттеуден сәтті өтті.

Университеттің профессорлық-педагогикалық құрамы оқыту үдерісін арттыру және оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. 2019 жылы 162 озық педагогикалық әдістемелер (кейстер, іскерлік ойындар, жобалық міндеттер) енгізілді.

Білім беру процесінің сапасын арттыру міндетіне сәйкес, құзыреттілік тәсіл негізінде білім беру бағдарламаларының 100%-ның модуляциясы жүргізілді. Білім беру бағдарламаларының мазмұны ұлттық біліктілік жүйесімен, Дублиндік дескрипторлармен, Еуропалық біліктілік шеңберлерімен үйлестірілген. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу тәжірибесі енгізілді.

Білім беру мен еңбек нарығын интеграциялау мақсатында, университет жетекші кәсіпорындар мен ұйымдар базасында 192-ден астам оқу-ғылыми-өндірістік кешендер құрды. 2015-2020 жылдары бұл кешендердің саны 1,2 есе өсті. Практика базаларының саны 25,7% - ға артты. Тәжірибеге бағытталған оқытуды дамыту аясында ЖОО-да дуальды оқыту жүйесі ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта Шымкент қаласының кәсіпорындарында дуальды оқыту жүйесі бойынша 30 білім беру бағдарламасы іске асырылуда.

Тәжірибеге бағытталған білім беруді дамыту аясында 2015 жылдан бастап ЖОО-да дуальды оқыту ұйымдастырылды: Шымкент қаласының Индустриялық аймағында 6 білім беру бағдарламасы дуальды оқыту нысаны бойынша жүзеге асырылуда. Жұмыс берушілермен тығыз байланыс түлектердің қажеттілігін арттыруға мүмкіндік берді. 2020 жылы университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жылда түлектердің жұмысқа орналасуы 84,5% құрады.

2015-2020 жылдары университетте ағылшын тілінде мамандар даярлау ұйымдастырылған. 10 білім беру бағдарламасы ағылшын тілінде жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру мақсатында "Кәсіпкерлік" пәні енгізілді.

ЖОО-да белсенді оқу-әдістемелік жұмыс жүргізіледі.

Кітапхананың жалпы қоры 2,5 млн. дана құрайды, оның ішінде оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қоры- 1,78 млн. дана (71%).

Жыл сайын ЖОО 1200-ден астам оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығарады. ЖОО-да 12 Әлемдік және отандық дерекқорға қолжетімділік ашық: «SpringerLink», «Scopus», «Полпред», «ThomsonReuters ISI WebofKnowledge», «ScienceDirect», «IPR-books», «EastView», «EBSCO», «Каз Патент», «Эпиграф», «Зан», «РМЭБ», 2204 оқулық пен оқу құралы цифрландырылды, меншікті генерациядағы 6 толық мәтінді деректер базасы құрылды.

2015 жылдан бастап ОҚУ кәсіпорындар үшін кадрлар даярлау ҚРИИДМБ-2 білім беру бағдарламалары бойынша іске асырылды. Жұмыс берушілер мен шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, магистратураның 23 білім беру бағдарламасы әзірленді. ҚРИИДМБ бойынша білім беру бағдарламалары “Еуромастер” белгісін иелене отырып, еуропалық химиялық тақырыптық желіде табысты халықаралық сараптамадан өтті.

Университет білім беру мен зерттеулерді интернационалдандыру бойынша белсенді қызмет жүргізеді. Қазіргі уақытта 25 жақын және алыс шет елдермен 158 шарттар мен келісімдер әрекетте. Университетте Француз Альянсы, Седжонг Корей білім беру орталығы, "Ньютон-Эл-Фараби" кәсіби даму және өзара әрекеттестік орталығы, сондай-ақ 2016 жылдан бастап Далянь шет тілдер университеті базасында Қазақстанды зерттеудің бірлескен орталығы жұмыс істейді. ЖОО - ның 29 стратегиялық серіктес оқу орындары бар. Университет 5 ЖОО консорциумының және 15 халықаралық ұйымның қатысушысы болып табылады. Әлемдік рейтингтердің ТОП - 700 құрамына кіретін жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестікте 2 дипломды бере отырып, 26 бірлескен білім беру бағдарламасы іске асырылуда.

Университеттегі академиялық ұтқырлық - ішкі (кіріс, шығыс), сыртқы (кіріс, шығыс), Жазғы мектептер, халықаралық тағылымдамалар және практикадан өту арқылы жүзеге асырылады.

2019-2020 оқу жылында қатысушылардың жалпы саны 55 адамды құрады (шығыс - 27, кіріс - 28). Сыртқы академиялық ұтқырлық шеңберінде 2019 жылы шетелдік әріптес жоғары оқу орындарына 74 білім алушы жіберілді, оның

ішінде: республикалық бюджет қаражаты есебінен - 21 студент; білім алушылардың өз қаражаты есебінен - 44 студент; Эрасмус+ бағдарламасы есебінен 7 адам (бакалавр-2, магистратура-3, PhD-2); ЖОО бюджеттен тыс қаражаты есебінен – 1 студент; Оңтүстік Корея стипендиялық бағдарламасы- 1 студент.

ПОҚ академиялық ұтқырлығы және ресми сапарлар

ЖОО-дағы оқытушылардың ұтқырлығы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: "үздік оқытушы" гранттық бағдарламалары және ғылыми жобалар шеңберінде ПОҚ ғылыми тағылымдамалары; ПОҚ біліктілігін арттыру/тағылымдамалар; Эрасмус+, Techwomen, Capstone халықаралық бағдарламалары шеңберінде және басқалар; халықаралық конференциялар мен симпозиумдарға қатысу; дәрістерді оқу және ғылыми консультациялар өткізу мақсатымен тәжірибе алмасу шеңберінде. 2019 жылы шетелге шыққан ПОҚ мен қызметкерлер саны 55 адамды, келген ПОҚ мен қызметкерлер саны- 25 адамды құрады.

Университет миссиясының өзгеруі мен жетістіктерінің логикасында ғылым саласы ерекше орын алады. Университеттегі ғылымның маңыздылығы оның теориялық жетістіктері мен практикалық қосымшаларымен ғана емес, сонымен қатар университеттің негізгі процесіне тікелей қосылуымен де анықталады. Ғылыми қызметтің басымдылығын түсіну университет ғылымында тұжырымдаманы әзірлеуге және саясатты іске асыруға, нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін материалдық және зияткерлік ресурстарды шоғырландыруға, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру және қолдау құрылымын құруға мүмкіндік берді.

Зерттеу және инновациялық қызметті жандандыру мақсатында университетте ғылымды басқаруды жаңғыртудың бірінші кезеңі өткізілді. 2 ғылыми-зерттеу Институты (ҒЗИ), 14 ғылыми-зерттеу зертханасы (ҒЗЗ) және 8 ғылыми орталық, сондай-ақ инженерлік бейіндегі аккредиттелген екі өңірлік зертхана қызметтері ұйымдастырылды.

Университет 2015-2019 жылдары ғылымның инфрақұрылымын түбегейлі өзгертті және мемлекет қаржыландыратын нысаналы бағдарламалар мен гранттық жобаларға қатысу деңгейін арттырды.

Мәселен, 2019-2020 жылдары ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру, бастамашылық шаруашылық-шарттық ғылыми-зерттеу жұмыстары, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша жалпы 1 млрд. 116 миллион теңге сомасында 47 жоба орындалды. Жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру бойынша 136 миллион 540 мың теңгеге 3жылдық мерзімдегі 2 ғылыми жоба іске асырылуда.

Жобаларды іске асыру жылдарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін Ресей, Беларусь, Украина және Өзбекстаннан 12 жоба бойынша 19 ғалым тартылды.

Ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін 312 орындаушы тартылды, оның ішінде: ғылым докторлары – 47,

PhD докторлары – 16, ғылым кандидаттары – 93, докторанттар – 12, ғылым магистрлері -49, магистранттар -26, студенттер -24, ғылыми дәрежесі жоқ орындаушылар -24, өндірістен орындаушылар -21.

Халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан университетке деген қызығушылық артып келеді. 2019 жылы университет алыс және жақын шетел ғалымдарының, мемлекеттік және бизнес құрылымдар өкілдерінің қатысуымен түрлі алаңдарда 40-тан астам халықаралық және өңірлік конференциялар, дөңгелек үстелдер, ғылыми семинарлар өткізілді.

Халықаралық деңгейге шығару үшін, университет өзінің ғылыми басылымдарын шығару белсенділігін және дамытуды қамтамасыз етті. Соңғы 5 жылда Scopus және ThomsonReuters базасына енгізілген басылымдарда жарияланған жалпы Q1-Q4 мақалалар саны 6 есе өсті: 2015 жылғы 38-ден 2020 жылы 234-ке дейін. ЖОО-да 1- ОПК-на шаққандағы орташа дәйексөз алу индексі 0,10 құрайды.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша тек 2019 жылы 5000 - нан астам мақала жарияланды: оның ішінде Scopus базасына кіретін журналдарда – 136, Clarivate Analytics базасына кіретін журналдарда -98. Ғылыми қызметті жүзеге асыру барысында 606 қорғау құжаттары алынды, оның ішінде 190 қазақстандық патент және авторлық куәлік, 3 халықаралық патент, РСТ процедурасы бойынша - 1 халықаралық патент. Қазақстандық және шетелдік баспаларда 57 монография, 268 оқулық пен оқу құралдары жарық көрді.

Университетте 3 ғылыми журнал, оның ішінде Systematic Impact Factor дерекқорында дәйексөз индексі 3,05 болатын “Индустриялық технологиялар және инжиниринг” атты ағылшын тіліндегі журнал шығарылады.

Университет кәсіпкерлік университеттің моделін құрастырады және ғылым мен білімнің интеграциялану деңгейін арттырады, сондықтан ғалымдардың студенттермен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету, жұмыстың басым бағыттарының бірі болып табылады. Университетте 96 ғылыми үйірме, 12 ғылыми студенттік қоғам, 3 студенттік конструкторлық бюро және 4 студенттік технологиялық бюро жұмыс істейді. ҒЗЖ-на тартылған студенттердің үлесі 2020 жылы 23% - ды құрады. Студенттік бизнес-инкубатор жұмыс істейді. Университетте студенттердің кәсіпкерлік бастамаларын дамытуға барлық жағдай жасалған. Стартаптарды құру бойынша жұмыс жандандырылды. 2019 жылы 9 380 000 теңге сомасына 4 студенттік стартап іске асырылды.

Университет өзінің шағын және орта өндірістерін құру жөніндегі қызметті белсенді жүзеге асырады. Осы мақсаттар үшін университет ҚР заңнамасына сәйкес, құрылтайшы ретінде ЖШС нысанындағы коммерциялық құрылымды тіркеді. Университет ЖШС жарғылық капиталын қалыптастыру үшін материалдық емес активтер түрінде жалпы сомасы 93 млн.теңгеге 9 инновациялық патент түріндегі зияткерлік меншік құқығын енгізді. ЖШС кәсіпкерлік қызметтің 9 түріне лицензиясы және рұқсат құжаттары бар.

Меншікті шағын өндірістерді құру және іске қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бизнес-ортаға берілген 5 жобаны коммерцияландыру және инкубациялау жүргізілді.

Университет өндірушілерге, кәсіпкерлерге және инвесторларға ашық қолжетімділікті қамтамасыз ететін Силикон алқабы қағидаты бойынша жұмыс істей бастады және жаңа идеяларды сынауға, инновациялық өнімдердің прототиптерін алуға ашық.

ОҚУ тәрбие жұмысының жүйесі (AuezovUniversity) тұлғаның кәсіби, әлеуметтік, зияткерлік, адамгершілік, шығармашылық қасиеттерін және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Университетте Студенттік өзін-өзі басқару жұмыс істейді, жастар бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетіледі, кураторлардың жұмысы жетілдіріледі. Ғылыми кеңестің, ректораттың, құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестің мүшелері бола отырып, студенттер өздерінің азаматтық кемелденуін көрсете отырып, университет істеріне белсенді қатысады.

Университеттің студент жастары Қазақстан Студенттер Альянсы, "Жас Отан" жастар қанаты, Студенттік Кеңес, "Достық" студенттік клубы, "Ақиқат" пікірсайыс орталығы, "Жас ақындар" клубы сияқты жастар бірлестіктерінің мүшелері бола отырып, Қазақстанның мемлекеттік жастар саясатын іске асыру процестеріне белсенді қатысады.

Университеттің қоғамдық студенттік ұйымдары жыл сайын әр түрлі бағытта 200-ге жуық іс-шара өткізеді: облыстық қан орталығында "Мен - Донормын" акциясы, "Жастар - Отанға" саяси лагері, "Біз - нашақорлыққа қарсымыз!" акциясы, "Мен ОҚУ-да оқимын!" атты 1-курс студенттерінің арнауы, "Кітап алмасу күні", облыстық "Тіл – халық қазынасы" байқауы, Дендропаркта "Мен көшбасшымын" семинар-тренингі, "Никотинге ЖОҚ, дәруменге ИӘ" атты акция. "Домбыра PARTY", "Гитара PARTY", "Алтын дауыс", "Бозбала мен бойжеткен", "Студенттік көктем", "Таланттар шоуы" мәдени конкурстары және университеттің студенттері мен қоғамдық ұйымдары арасында әртүрлі спорт түрлері бойынша спорттық іс-шаралар.

"Мәңгілік Ел" ұлттық идеясын жүзеге асыру барысында және Н.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласының негізгі міндеттерін жүзеге асыру мақсатында университеттің Жастар орталығы ерекше орын алады.

"Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту" бағдарламалық мақаласын, Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын, "Мәңгілік Ел" Патриоттық Актісінің Жаңа Қазақстандық патриотизм бағдарламасын түсіндіру мақсатында Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті және Департамент бөлімшелері барлық жатақханаларда тұрақты негізде құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, медицина қызметкерлерімен, Дін істері басқармасының мамандарымен кездесулер, психологиялық тренингтер және мәдени іс-шаралар ұйымдастырды.

ОҚУ (AuezovUniversity) 16 оқу ғимараты, 6 жатақхана, 17 асхана және кафетерий бар. Оқу корпустарының жалпы ауданы 121159 шаршы метрді

құрайды, оқу ғимараттарындағы аудиториялар интерактивті тақталармен және бейнепроекторлармен жабдықталған, барлық корпусстар тегін Wi-Fi -мен қамтамасыз етілген.

Компьютерлік және интерактивті техника паркі құрылды, анимациялар базасы сатып алынды, онлайн дәрістерді жазуды жүзеге асыратын жазу студиясы ашылды.

Университеттің барлық компьютерлері жергілікті желіге біріктіріліп, Internet желісіне қосылған.

Green Metrix коворкинг орталығы жұмыс істейді.

Зертханалар заманауи құрылғылармен жабдықталған.

Университет Жасыл университет моделін қалыптастыруға бағыт алды. Осы мақсатта:

- Су мен ағынды суларды үнемдеу үшін ультрадыбыстық есептегіштер орнатылды. Метрдің дәлдігі - 0,1 л / импульс.

- Электр қуатын үнемдеу үшін электронды есептегіштер мен жарықдиодты шамдар орнатылуда. Есептегіштің дәлдігі 0,2-0,5% құрайды, ал электр энергиясының сапасын жақсарту үшін токты өтеу (компенсациялау) құрылғылары орнатылған.

- Жылу энергиясын үнемдеу үшін электромагниттік жылу есептегіштер орнатылған. Есептегіш дәлдігі - 4%.

МЖК аясында екі жеке инвесторды (400 және 500 адамға) тарта отырып, 2 жаңа жатақхананың құрылысы басталды. Шетелдік студенттердің жатақханасы бар.

Университет базасында білім беру, ғылыми қызмет және жастар саясаты мәселелерін талқылау бойынша халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейдегі іс-шаралар өткізіледі.

М. Әуезов ОҚУ қызметін SWOT-талдау.

- S (strength) - күшті жақтары	- W (weakness) – әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> • аймақтағы, елдегі қоғамдағы беделі (Ұлттық рейтингте 3-ші орын), QSWorldUniversityRankings - те 490-орын); • қалыптасқан ғылыми мектептер; • білім беру бағдарламаларын ағылшын тілінде жүзеге асыру, қос диплом; • дамыған халықаралық байланыстар; • халықаралық білім беру және мәдени орталықтардың, шетелдік өкілдіктердің болуы; • аймақтағы күшті стейкхолдерлер; • дуалды білім беруді дамыту 	<ul style="list-style-type: none"> • HR менеджментінің жеткіліксіз дамуы; • кадрлардың ескіруі; • университетте цифрландыру процестері жеткілікті дамымаған; • коммерцияландырудың төмен үлесі; • әлсіз маркетингтік стратегия; • университет түлектері қауымдастығының әлсіз қызметі; • эндаумент қорының болмауы; • фандрайзингтің болмауы
- O (opportunity) - қолайлы мүмкіндіктер	- T (Threat) - қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> • кадрларды даярлаудың жаңа 	<ul style="list-style-type: none"> • шетелдік жоғары оқу

<p>бағыттарына сұраныстың өсуі;</p> <ul style="list-style-type: none"> • жаңа кәсіптер атласы бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу; • бизнес және кәсіпорындармен серіктестік; • өңірде кәсіпкерліктің экожүйесін құру; • аймақтық құзыреттілік және консалтинг орталығын құру; • шетелдік талапкерлердің географиясын кеңейту (Моңғолия, Қырғызстан, Ресей, Түркия және т. б.); • студенттік кәсіпкерлікті құру (бизнес инкубаторлар мен стартаптар) 	<p>орындарының қазақстандық нарыққа шығуы және бәсекелестердің белсенді саясаты;</p> <ul style="list-style-type: none"> • мидың ағуы " (Braindrain); • онлайн платформалар тарапынан бәсекелестік; • әлемдегі тұрақсыз геосаяси және экономикалық жағдай
---	---

Бөлім 3. Миссия, пайымдау және құндылықтар

МИССИЯСЫ: Біз жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыруға, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындауға бағытталғанбыз.

Пайымы: М.Әуезов атындағы ОҚУ (AuezovUniversity) 2025 жылы – табысты зерттеу университеті – ел экономикасын дамытудың драйвері.

AuezovUniversity 2025 - университет:

- іргелі білім мен практикалық құзыреттер арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуші;
- жұмыс берушілер мен кәсіби қоғамдастықтардың талаптарына бағдарланған;
- жаңа білім беретін және технологиялар, білім трансфері мен ҒЗЖ-ны коммерцияландыруды қамтамасыз етуші;
- жаңа білімді генерациялайтын және технологиялар мен білім трансферін, ҒЗЖ-ның коммерцияландыруын қамтамасыз ететін;
- меншікті өндірістерімен және солардың шеңберінде өнім шығару жүзеге асырылады;
- әлемдік білім беру қоғамдастығымен танылған;
- азаматтық сана мен патриотизмнің жоғары деңгейін қалыптастыратын;
- дамыған материалдық-техникалық базасы мен заманауи кампусы бар;
- қаржылық тұрақтылық пен дербестікке ие.

Құндылықтар:

- **АШЫҚТЫҚ** - AuezovUniversity өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық.
- **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ** - AuezovUniversity идеяларды генерациялайды, оларды дамытады және құндылықтарға айналдырады.
- **АКАДЕМИЯЛЫҚ ЕРКІНДІК** - Auezov University таңдауда, дамуда және іс-әрекетте еркін.
- **СЕРІКТЕСТІК** - AuezovUniversity, барлығы жеңіске жететін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады.
- **ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК** - AuezovUniversity, міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижесі үшін жауап беруге дайын.

Бөлім 4. Басым бағыттар, мақсаттар мен міндеттер

Басым бағыт 1. Академиялық даму және кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету

Мақсаты: Ішкі және сыртқы еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті түлектерді дайындау

1.1-міндет. Білім беру бағдарламаларын қайта жобалау

Бұл міндетті іске асыру білім беру бағдарламаларының мазмұнын шетелдік серіктес университеттердің ұқсас бағдарламаларына сәйкес үйлестіру, білім беру бағдарламаларын еуропалық және ұлттық біліктілік жүйелерінің талаптарына сәйкес келтіру арқылы қол жеткізілетін болады.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға әлеуметтік әріптестер, кәсіби қауымдастықтар және жұмыс берушілер кеңінен тартылатын болады. Еңбек нарығының талаптарына жауап беретін Инновациялық, қос дипломды білім беру бағдарламалары әзірленетін болады.

Бейінді кәсіпорындарда кафедра филиалдарын құру арқылы бағдарламалардың практикаға бағдарлануының жоғары деңгейі қамтамасыз етілетін болады. Кәсіпорындармен, кейіннен жұмысқа орналасуы қарастырылған, кәсіптік практикадан өтуге шарттар түзілетін болады.

2022 жылдан бастап экономиканың басым салалары бойынша қосымша білім беру бағдарламаларын (Major және Minor типі бойынша) және қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын іске асыру басталатын болады.

2025 жылға қарай құрылыс және құрылыс материалдары технологиясы, білім беру, көрсетілетін қызметтер саласында жаңа дуалды білім беру бағдарламалары дамытылады.

Нысаналы елдердің (Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан) азаматтары үшін қашықтықтан білім беру бағдарламалары әзірленетін болады.

2025 жылға қарай инклюзивті 1-білім беру бағдарламасы әзірленетін болады.

2025 жылға қарай бакалавриаттың, магистратураның және докторантураның барлық білім беру бағдарламалары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілердің толық мүшесі болып табылатын және білім беру саласындағы уәкілетті органның тізіліміне енгізілген агенттіктерде аккредиттеуден өтеді.

Білім беру бағдарламаларының сапасының критерийлері арасында заманауи кәсіби және IT құзыреттердің болуы, практикалық жұмыс дағдыларының болуы, шешімдерді қабылдау және өз бизнесін құру қабілетінің мүмкіндігі болады.

Университеттің білім беру бағдарламаларын одан әрі дамыту бағыттарын сәйкестендіру мақсатында жұмыс берушілер мен түлектерге тұрақты түрде сауалнама жүргізілетін болады.

1.2 – міндет. Қосымша білім беруді дамыту

Академиялық артықшылық орталығы құрылады, оның шеңберінде корпоративтік клиенттерге арналған оқу курстары және бөгде ұйымдарға арналған біліктілікті арттыру курстары әзірленеді және іске асырылады. Біліктілікті арттыру бағдарламалары мен қосымша оқу курстарының бір бөлігі онлайн режимде edX білім беру платформасы арқылы іске асырылатын болады.

Кәсіби және белсенді ұзақ өмір сүру, егде жастағы азаматтардың өмір сүру сапасы мен әлеуметтік белсенділігін арттыру үшін жағдайлар жасалынады. 2025 жылға қарай ересек ұрпақ үшін "Күміс университет" моделі бойынша даярлаудың 5 бағдарламасы әзірленетін болады.

Оқу процесінің практикалық бағдарлануын қамтамасыз ету үшін ОҚУ-де оқытушыларға арналған бағдарламалар әзірленді, олар келесі деңгейлерде жүзеге асырылады:

- біліктілікті арттыру деңгейінде (оқыту сапасын арттыруға, сондай-ақ оқу процесін іске асырудың жаңа әдістерін игеруге бағытталған біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыру);

- бизнес-курстар және көшпелі іс-шаралар деңгейінде (еңбек нарығының өкілдері бастамашылық еткен бизнес-тренингтерді іске асыру);

- тағылымдама деңгейінде (халықаралық деңгейлерді қоса алғанда) (мазмұны педагогикалық қызметтің бейіндік бағытына байланысты оқытушылар үшін тағылымдамаларды тұрақты ұйымдастыру).

Оқу орындарының оқытушылары, шағын және орта бизнес қызметкерлері үшін біліктілікті арттырудың сертификатталған тақырыптық курстары әзірленетін болады.

Қосымша білім беру бағдарламаларының маркетинг стратегиясы әзірленіп, олардың ҚР өңірлерін және басқа да елдерді қамту бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Қосымша білім беру курстарын енгізу босаған Еңбек ресурстарын қайта даярлауды және ЖОО-ның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру курстарын енгізу босатылған еңбек ресурстарын қайта даярлауды және университеттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1.3 – міндет. Дидактикалық материалдар мен мазмұнды жаңарту

Дидактикалық материалдар мен цифрлық контентті, соның ішінде бейне-дәрістерді, виртуалды зертханалық жұмыстарды және практикалық бейне-тапсырмаларды, электрондық оқулықтарды, жаппай онлайн ашық курстарды (ЖАОК) әзірлеу академиялық қызметтегі маңызды басымдық болып табылады.

Химия және химиялық инжиниринг, биология және биотехнология, механика және машина жасау, IT - технологиялар, тарих, шет тілдері, экономика салаларында 40 ЖАОК әзірленетін болады.

Жаппай онлайн ашық курстар edX жеке онлайн-платформасында орналастырылады, сондай-ақ Қазақстанның жоғары оқу орындары консорциумының (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) edX ашық онлайн-платформасына біріктіріледі.

Университеттің білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етуге, сондай-ақ жаңа технологиялардың пайда болуына қарай интеграциялануына ерекше назар аударылатын болады. Университеттің ПОҚ әзірлеген бірегей оқулықтары мен оқу құралдары шығарылады. Электрондық білім беру ресурстары, оқу-әдістемелік кешендер және басқа да оқу-әдістемелік материалдар әзірленетін болады. Оқу әдебиеттері мен электрондық білім беру ресурстарын қоса алғанда, озық отандық және шетелдік оқу-әдістемелік қамтамасыз етілетін болады. Әлемдік білім беру электрондық ресурстарына қолжетімділік қамтамасыз етілетін болады. Зертханалық практикумдар мен практикалық сабақтарды оқытудың жаңа технологияларына қол жеткізетін процестерді, жүйелер мен жабдықтарды модельдеудің бағдарламалық және бағдарламалық-техникалық кешендері сатып алынады және оқу процесіне енгізіледі, бұл білім беру сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін, Прометей платформасы қосымша дамуға ие болады.

Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану негізінде студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру тәсілдері сапалы жақсартылатын болады. Осы мақсатта электрондық деректер базасының көлемі едәуір ұлғайтылатын болады. 2022 жылға қарай пәндердің 100% - ы электрондық ресурстармен қамтамасыз етіледі.

2023 жылдан бастап аралас оқыту (Blended Learning) енгізіліп, жобалық оқыту кеңейтіледі. Оқу процесіне 3D-технологиялар әзірленіп, енгізіледі.

